

2012 жылға арналған Меркі ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы

Жамбыл облысы Меркі ауданы мәслихатының 2012 жылғы 9 шілдеде N 6-3 Шешімі.
Жамбыл облысы Меркі ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 шілдеде № 6-6-112 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 8 тармағына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы

№ 183 қаулысының 2 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2012 жылға арналған Меркі ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына келесі әлеуметтік қолдау көрсетілсін:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау-бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш сомасында бюджеттік кредит.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық, аграрлық, шағын және орта бизнесті дамыту, бюджет және салық жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Б.Иманбетовке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген кезінен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

М.Қасым

Аудандық мәслихат

хатшысы

І.Ахметжанов